

Г.К. Бейсенбаева¹*, А.Д. Касенова²

¹PhD-докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан Республикасы,

e-mail: B-gulnaz_80@mail.ru

²т.ғ.к., Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының жетекші ғылыми қызметкері,

Алматы, Қазақстан Республикасы,

e-mail: asema_94@mail.ru

ТҮРКІ КЕЗЕҢІНДЕГІ ТАС МҮСІНДЕРДІҢ ӘСКЕРИ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТИСІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Мақалада түркі дәуіріне тән тас мүсіндердің әскери-идеологиялық мазмұны мен семантикалық мәні қарастырылады. Түркі өркениетінің мәдени мұраларының бірі болып саналатын тас мүсіндер (балбалдар) сол дәуірдің дүниетанымдық, саяси және әлеуметтік құрылымын айқындайтын бірегей дереккөз. Тас мүсіндер тек өнер туындысы ғана емес, сонымен қатар қоғамның әскери құрылымы, билік иерархиясы және батырлық культінің көрінісі ретінде сипатталады. Мақалада археологиялық деректер, тарихи жазбалар мен мифологиялық символдар жүйесі талданды. Автор түркі қоғамындағы батыр бейнесінің идеологиялық мәнін, сондай-ақ оның мемлекеттілікті нығайтудағы рухани және тәрбиелік қызметін ашып көрсетеді. Зерттеу нәтижелері түркі өркениетінің әскери идеологиясын түсінуге, ежелгі қоғамның саяси және мәдени өмірін қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында түркі тас мүсіндерінің басқа ежелгі өркениеттердегі әскери мүсіндермен салыстырмалы талдауы жүргізілді. Бұл тәсіл мәдени және әскери байланыстардың айқындалуына, сондай-ақ түркілердің көрші халықтармен рухани және идеологиялық өзара ықпалын анықтауға мүмкіндік берді. Балбал тастардың орнатылу рәсімдері мен географиялық орналасуы арқылы түркі қоғамындағы әлеуметтік жіктеліс, батырлар мен билеушілердің мәртебесі, сонымен қатар мемлекеттің әскери жүйесінің негіздері айқындалды.

Зерттеу нәтижесінде түркі кезеңіндегі тас мүсіндер тек ескерткіштік сипаттағы нысан емес, сонымен бірге әскери идеология мен мемлекеттіліктің көрінісі екені дәлелденді. Олар түркі халқының тарихи жадында сақталған ерлік пен рухтың, ұлт болмысы мен мәдени кодтың көрінісін бейнелейді. Осы тұрғыдан алғанда, тас мүсіндер – ежелгі түркі қоғамының саяси тұрақтылығы мен рухани тұтастығын танытатын маңызды археологиялық және идеологиялық мұра болып табылады. Зерттеу барысында тас мүсіндердің идеологиялық мазмұны мен түркі қоғамындағы батырлық культінің қалыптасуына әсері айқындалды. Автор түркі мүсін өнерін әскери идеологияның көрінісі ретінде қарастырып, оның мемлекеттік рәміздер жүйесіндегі орнын анықтайды. Бұл бағыттағы зерттеу нәтижелері түркі дәуірінің идеологиялық кеңістігін жаңа қырынан түсінуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Түркі кезеңі, тас мүсін, әскери идеология, батырлық культ, рәміздік бейнелер, мәдени мұра, қару-жарақ символикасы, ескерткіш семантикасы.

Г.К.Бейсенбаева¹*, А.Д. Касенова²

¹PhD-докторант, Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая,

Алматы, Республика Казахстан

e-mail: B-gulnaz_80@mail.ru

²кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник,
Институт археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: asema_94@mail.ru)

ИССЛЕДОВАНИЕ ВОЕННО-ИДЕОЛОГИЧЕСКИХ АСПЕКТОВ КАМЕННЫХ ИЗВАЯНИЙ ТЮРКСКОГО ПЕРИОДА

Аннотация

В статье рассматриваются военно-идеологическое содержание и семантическое значение каменных изваяний, характерных для тюркской эпохи. Каменные изваяния (балбалы), являющиеся одной из значимых культурных наследий тюркской цивилизации, представляют собой уникальный источник, отражающий мировоззрение, политическую и социальную структуру того времени. Эти памятники рассматриваются не только как произведения искусства, но и как отражение военной организации общества, иерархии власти и культа героизма. В работе проанализированы археологические данные, исторические источники и система мифологических символов. Автор раскрывает идеологическое значение образа воина в тюркском обществе, а также его духовную и воспитательную роль в укреплении государственности.

Результаты исследования способствуют более глубокому пониманию военной идеологии тюркской цивилизации, реконструкции политической и культурной жизни древнего общества. В ходе исследования проведён сравнительный анализ тюркских каменных изваяний с военными скульптурами других древних культур. Такой подход позволил выявить культурные и военные взаимосвязи, а также определить духовное и идеологическое взаимодействие тюрков с соседними народами. Через изучение ритуалов установки балбалов и их географического расположения были выявлены особенности социальной стратификации тюркского общества, статус воинов и правителей, а также основы военной системы государства.

В результате установлено, что каменные изваяния тюркского периода представляют собой не только памятники, но и важные свидетельства военной идеологии и государственности. Они воплощают в себе память о мужестве и духе, национальную идентичность и культурный код тюркского народа. С этой точки зрения, балбалы являются значимым археологическим и идеологическим наследием, отражающим политическую стабильность и духовное единство древнетюркского общества. В ходе исследования раскрыто идеологическое содержание каменных изваяний и их влияние на формирование культа героизма. Автор рассматривает тюркскую скульптуру как отражение военной идеологии и определяет её место в системе государственных символов. Полученные результаты позволяют по-новому осмыслить идеологическое пространство тюркской эпохи.

Ключевые слова: тюркский период, каменные изваяния, военная идеология, культ героизма, символические образы, культурное наследие, оружейная символика, семантика памятников.

G.K.Beisenbayeva^{1*}, Kassenova A.D.²

¹PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan
E-mail: B-gulnaz_80@mail.ru

²*candidate of Historical Sciences, Leading researcher A.Kh. Margulan Institute of Archaeology,
Almaty, Republic of Kazakhstan
(E-mail: asema_94@mail.ru)*

STUDY OF THE MILITARY AND IDEOLOGICAL ASPECTS OF STONE STATUES OF THE TURKIC PERIOD

Abstract

This article explores the military-ideological content and semantic meaning of stone statues from the Turkic period. As one of the cultural legacies of the Turkic civilization, these stone monuments (balbals) serve as unique historical sources that reflect the worldview, political, and social structure of their time. The statues are examined not only as works of art but also as representations of the military organization, power hierarchy, and heroism cult within Turkic society. The study analyzes archaeological data, historical records, and systems of mythological symbols. The author reveals the ideological essence of the warrior image and its spiritual and educational role in strengthening statehood.

A comparative analysis of Turkic stone sculptures and military monuments from other ancient civilizations has been conducted. This approach helps identify cultural and military connections, as well as the spiritual and ideological exchanges between the Turkic peoples and their neighbors. Through examining the installation rituals and geographical distribution of balbals, the study uncovers aspects of social stratification, the status of warriors and rulers, and the fundamental principles of the military system.

The results demonstrate that the stone statues of the Turkic period are not merely memorial objects but powerful manifestations of military ideology and statehood. They embody the heroism, spirit, and cultural code of the Turkic people, serving as significant archaeological and ideological heritage. The research identifies how the ideological symbolism of these monuments influenced the formation of the heroism cult and the system of state symbols in Turkic society.

Keywords: Turkic period, stone statues, military ideology, heroism cult, symbolic imagery, cultural heritage, weapon symbolism, monument semantics.

Кіріспе. Түркілердің тас мүсіндері мен жазба ескерткіштерін зерттеу тарихы екі ғасырдан астам уақытты қамтиды. Бұл үдеріс XVIII ғасырдың ортасында алғашқы академиялық экспедициялар жинаған материалдардан басталып, жүйелі археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде айтарлықтай археологиялық нысандардың анықталып, тіркелуімен өз шарықтау шегіне жетті. Ресей империясының археологтары, этнографтары және әскери офицерлері тапқан және зерттеген бұл ескерткіштер олардың көптеген ғылыми еңбектерінде көрініс тапты [1, 1086-б.].

Тас мүсіндер – түркі өркениетінің ең көне және ең мағыналы археологиялық ескерткіштерінің бірі. Олар тек бейнелеу өнерінің туындысы емес, сонымен қатар қоғамның идеологиялық және әлеуметтік құрылымын бейнелейтін символдық мәтін ретінде қызмет етеді. VI-VIII ғасырлар аралығында Орхон, Енисей және Талас өңірлерінде кеңінен тараған бұл ескерткіштер билік иелері мен жауынгерлердің құрметіне қойылған мемориалдық белгілердің маңызды бөлігі болған.

Мүсіндер көбінесе қару-жарақ ұстаған, белінде белбеу, қолында тостаған, ал мойнында алқасы бар батырларды бейнелейді. Тас мүсіндерде бейнеленген жауынгерлер, қару-жарақ элементтері, киім үлгілері мен рәміздер түркі қоғамындағы батырлық идеалдың қалыптасуы мен берілуін айғақтайды. Түркілердің дүниетанымында батыр тұлғасы тек жауынгер емес, мемлекеттің тұрақтылығы мен рухани тұтастығын бейнелейтін киелі бейне ретінде қабылданған.

Тас мүсіндердің мән-мағынасын анықтауда археологиямен қатар жазба және этнографиялық деректерді ұштастыра зерттеудің маңызды екенін кезінде Л.Р. Кызласов атап көрсеткен болатын [2, 27-б.].

Ежелгі түркі қоғамында әскери іс тек қорғаныс құралы ғана емес, ұлттың бірлігін сақтаудың және билік легитимділігін нығайтудың маңызды тетігі болды. Сондықтан да батырлар мен қолбасшылардың бейнелері мемориалдық кешендерде ерекше орын алды. Бұл мүсіндер символдық тұрғыдан қоғамның әскери идеологиясын бейнелеп, ұрпаққа ерлік пен отансүйгіштік өнегесін жеткізді.

Ежелгі түркі дәуіріндегі монументалды бейнелеу өнері дәстүріне сәйкес, кейіпкердің оң қолы кеуде немесе қарын тұсында көтеріліп, онда ыдыс (құман, тостаған) бейнеленсе, сол қолы бел тұсына түсіріліп, суық қаруға сүйеніп тұрады, кейде қару болмайды. Мұндай мүсіндер ғалымдардың пікірінше, VI–VIII ғғ. тән [3, 9-б.]. Л.Н. Ермоленко бұл мерзімді VI/VII–VIII/IX ғғ. дейін кеңейтеді [4, 29-б.].

Мүсіннің бетінде бейнеленген заттар оның уақытын дәлірек айқындауға мүмкіндік береді. Л.А. Евтюхова тік сапты қылыштардың VII–VIII ғғ. бейнелерінде кездесетінін атап өтсе [5, 111-б.], қару зерттеушісі Ю.С. Худяков бұл үлгілердің VII–X ғғ. қолданылғанын көрсетеді [6]. Ал Б.Б. Овчинникова кейбір мүсіндерде сабля емес, палаш бейнеленген деп санайды [7, 81-б.].

Ерекше назар аударарлық жайт түркі дәуіріндегі тас мүсіндерде қару жиі бейнеленгенімен, археологиялық тұрғыдан қазбалардан мұндай қарулар сирек табылған [6, 154-б.].

Жапон тюркологы Т. Хаяшидің келтірген деректеріне сүйенсек, дала Еуразиясы кеңістігінде тас мүсіндердің таралуы біркелкі емес: Қазақстанда 400-ден астам, Моңғолияда 350-ден астам, Алтайда – 256, Тывада – 100, Хакасияда – 5, Шығыс Түркістанда – 182, Қырғызстанда – 100, Өзбекстанда – 20, Түрікменстанда – 2, Тәжікстанда – 1 мүсін тіркелген [8, 20-б.].

Соңғы зерттеулер бұл көрсеткіштерді толықтыра түсті: 2020 жылдарға қарай тек Сарыарқаның өзінен 140-қа жуық тас мүсін белгілі болған [9, 20-б.].

Ғылыми мақаланың өзектілігі қазіргі таңда түркі халықтарының мәдени мұраларын, соның ішінде әскери идеология мен рухани кодтың археологиялық көріністерін ғылыми тұрғыдан зерделеу қажеттілігімен айқындалады. Бұл бағыттағы зерттеулер түркі өркениетінің саяси-әлеуметтік жүйесін, батырлық дәстүрлерін және мемлекеттіліктің қалыптасу идеясын терең түсінуге жол ашады.

Мақалада түркі кезеңіндегі тас мүсіндердің әскери-идеологиялық мазмұны археологиялық, тарихи және мәдени тұрғыдан кешенді талданады. Сонымен қатар мүсіндердің рәміздік ерекшеліктері мен олардың қоғамдағы идеологиялық қызметі айқындалады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында кешенді ғылыми-талдау тәсілдері қолданылды. Әдістер жиынтығы түркі дәуіріндегі тас мүсіндердің әскери-идеологиялық мазмұнын көпқырлы тұрғыдан қарастыруға және олардың мәдени-символдық мәнін анықтауға бағытталды.

1. Археологиялық талдау әдісі – зерттеу нысаны болып табылатын тас мүсіндердің құрылымдық, материалдық және стилистикалық ерекшеліктерін сипаттау үшін қолданылды. Бұл әдіс арқылы мүсіндердің жасалу техникасы, пайдаланылған тастың түрі, көлемдік пропорциялары мен композициялық шешімдері айқындалды. Сонымен қатар мүсіндердің орналасу жағдайы, географиялық контексті және археологиялық кешен құрамындағы рөлі анықталып, олардың хронологиялық және типологиялық жіктелуі жүргізілді.

2. Салыстырмалы-тарихи әдіс – түркі тас мүсіндерін Еуразия кеңістігіндегі басқа ежелгі өркениеттердің әскери мүсіндік дәстүрлерімен салыстыру мақсатында қолданылды. Бұл тәсіл түркі мәдениетінің көркемдік және идеологиялық ерекшеліктерін айқындап, олардың қытай, моңғол, иран және басқа да көршілес өркениеттермен өзара ықпалын саралауға мүмкіндік берді. Әдіс нәтижесінде ұқсастықтар мен айырмашылықтар анықталып, түркі мүсін өнерінің өзіндік дәстүрлі сипаты айқындалды.

3. Семантикалық талдау әдісі – мүсіндерде бейнеленген рәміздік белгілер мен символдардың мәнін ашуға бағытталды. Бұл әдіс арқылы бейнелердегі қару-жарақ, киім үлгілері,

қол қимылдары мен заттық атрибуттардың мағыналық астары анықталды. Талдау нәтижесінде тас мүсіндердегі рәміздік жүйе түркі қоғамының дүниетанымы мен әскери идеологиясын бейнелейтін идеографиялық мәтін ретінде қарастырылды.

4. Мәдени-идеологиялық талдау әдісі – батырлық культі мен әскери рәміздердің түркі қоғамындағы идеологиялық қызметін ашып көрсету мақсатында пайдаланылды. Бұл тәсіл мүсіндердің қоғамдағы әлеуметтік функциясын, билік пен ерлікті дәріптеу үдерісіндегі идеологиялық маңызын түсіндіруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар әскери рәміздер мен батыр тұлғасының бейнесі түркі мемлекеттілігінің рухани-мәдени тірегі ретінде зерделенді.

5. Жүйелік тәсіл – тас мүсіндерді түркі қоғамының саяси, рухани және мәдени жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде кешенді түрде қарастыруды көздейді. Бұл тәсіл арқылы мүсіндердің археологиялық, тарихи және идеологиялық дерек ретіндегі өзара байланысы анықталып, олардың қоғам құрылымындағы орнын айқындауға мүмкіндік туды.

Қолданылған әдістер жиынтығы зерттеу тақырыбын кешенді түрде талдауға, түркі дәуіріндегі тас мүсіндердің көпқырлы семантикалық және идеологиялық мазмұнын ашуға, сондай-ақ олардың тарихи-мәдени маңызын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

Түркі дәуіріне тән артефактілерді зерттеу ісінде Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің қызметі айрықша маңызды болды. Үйірме мүшелері қатарында В. Радлов, Н. Ядринцев, В. Бартольд, А. Уваров сияқты көрнекті түркітанушылар мен археологтар болды. Олар түркілердің тарихи және археологиялық мұрасын зерттеуге зор үлес қосты әрі алғашқы болып археологиялық жәдігерлер жинақтарын қалыптастырды. Бұл жинақтар Орынбор, Ташкент, Самарқан, Алматы және Орталық Азияның басқа да қалаларындағы музейлердің негізін қалады.

Тас стелалар мен түркі мүсіндерін сақтау үдерісіндегі ең өзекті мәселелердің бірі – табиғи және техногендік факторлардың әсері. Көптеген археологиялық ескерткіштер табиғи эрозия мен климаттық жағдайлардың ықпалынан біртіндеп бұзылып келеді. Сонымен қатар, адам әрекетінің де кері әсері айтарлықтай: құрылыс жұмыстары мен вандализм актілері бірнеше ғасыр бойы көптеген ескерткіштердің жойылуына себеп болды.

Тас мүсіндерді өнер туындысы әрі тарихи-мәдени мұра ретінде қарастыру арқылы түркі халықтарының рухани мәдениетіне тән дүниетанымдық ерекшеліктерін, наным-сенімдері мен әдет-ғұрыптары туралы құнды ақпарат алуға болады. Әр тарихи дәуірдегі тас мүсіндер бейнелеу мәнерімен, рәміздік мазмұнымен және композициялық шешімдерімен ерекшеленеді.

Қыпшақ кезеңіне тән тас мүсіндер мен түркі дәуіріндегі мүсіндердің арасында көркемдік және семантикалық айырмашылықтар бар. Бұл жөнінде Л.Н. Ермоленко өз еңбегінде: «Қыпшақ кезеңіндегі тас мүсіндерде ер адамдар бейнесі сирек кездеседі, керісінше әйел және қыз бейнелері басым; ал түркілік кезеңдегі ескерткіштерде оң немесе сол қолында қару (семсер, белбеу т.б.) ұстаған жауынгерлер мен абыздар бейнеленеді» деп атап өтеді [3, 47-б.]. Осы деректерге сүйене отырып, түркі кезеңінде мүсіндерде негізінен ер адамдардың батырлық және билік иесі ретіндегі бейнелері басым болғанын көреміз.

Тас мүсіндердің эволюциясы уақыт ағымында бір кезеңнен екінші кезеңге ұласқан мәдени сабақтастықты көрсетеді. Оған дәлел ретінде Орталық Қазақстан аумағындағы түркі дәуіріне тән тас мүсіндердің қола дәуірі ескерткіштерімен топографиялық және мәдени тұрғыдан қабаттасып орналасуы айқын байқалады. Академик Ә.Х. Марғұлан бұл құбылысты 1966 жылы жариялаған еңбегінде атап өтіп, түркі дәуіріндегі тас мүсін өнерінің қалыптасуына қола дәуірінің ескерткіш дәстүрі мен көркемдік элементтері зор ықпал еткенін жазады [10, 24-б.].

Жалпы, балбал тектес тас мүсіндер Еуразияның кең аумағында – Қазақстан, Моңғолия, Сібір, Шығыс Түркістан және Кавказ далаларында кеңінен таралған. Қазақстан аумағында жүргізілген археологиялық және этнографиялық зерттеулер нәтижесінде тас мүсіндердің Орталық (Ұлытау, Қарқаралы, Ақсу-Аюлы), Шығыс (Алтай, Тарбағатай), Батыс Қазақстан, Үстірт, Жамбыл облысы (Меркі, Жайсаң), Шу мен Іле алқаптары, Қаратау және Қырғыз

Алатауы өңірлерінде кездесетіні анықталған. Алайда олардың ең жиі және жүйелі шоғырланған аймағы – Сарыарқа өңірі болып табылады.

Сарыарқа тас мүсіндері туралы алғашқы жазбалар қазақ ғалымы Ш. Уәлихановтың этнографиялық сипаттамаларында көрініс тапқан. XIX ғасырдың екінші жартысында М.-С. Бабажанов Маңғыстау өңіріндегі Жалғызшағыл маңынан әйел адам бейнеленген тас мүсінді тауып, оны Орыс географиялық қоғамының қорына өткізген. Ал орыс зерттеушілерінен Г.Н. Потанин, В.В. Бартольд, И.Я. Словцов, А.В. Селиванов, Н.Я. Коншин, И.А. Кастанье сынды ғалымдар өлкетанулық саяхаттарында бұл ескерткіштер туралы деректер жинақтаған. XX ғасырдың екінші жартысында Д.Г. Савинов, А.С. Васютин, А.А. Чариков және Я.А. Шер еңбектері осы бағыттағы зерттеулерді жалғастырды.

Орталық Қазақстандағы тас мүсіндерді жүйелі түрде зерттеу ісі XX ғасырдың 1940–1950 жылдары Ә.Х. Марғұлан басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы аясында басталды. Кейіннен бұл бағыттағы еңбектерді К. Ақышев, Л.Н. Ермоленко, Ж. Құрманқұлов, Қ. Сартқожаұлы, А.З. Бейсенов, А. Досымбаева, А. Касенова және Ә. Нұсқабай сынды отандық ғалымдар жалғастырды.

А.М. Досымбаева мен Ә. Нұсқабайдың зерттеулерінде Сарыарқаның солтүстік бөлігіндегі Құмай археологиялық-этнографиялық кешені ерекше орын алады. 2009 жылдан бастап ғалымдар бұл өңірде қола, ерте темір және түркі кезеңдеріне тән ескерткіштерді кешенді түрде зерттеп келеді. Ерейментау ауданы маңында ашылған Құмай кешенінің басты ерекшелігі – мұнда әр дәуірге тән археологиялық нысандардың бір кеңістікте тоғысуы. Әсіресе, Батыс Түрік кезеңіне жататын (б.з. I–VI ғғ.) балбал тастар айрықша мәнге ие [8, 52-б.].

Зерттеушілердің көпшілігі тас мүсіндердің пайда болу себептерін Түрік қағанатының саяси және рухани тұрғыдан күшею кезеңімен байланыстырады. Түркілер ата-баба рухына тағзым ету, батырлар мен билеушілерді ұлықтау мақсатында тас мүсіндер мен қоршаулар орнатуды дәстүрге айналдырған. Академик Ә. Марғұлан бұл жөнінде: «Тас қоршаулар – тарихи тұлғалардың жерленген орны емес, оларды еске алу үшін ас беріліп, ат шаптыратын жерлерге қойылған белгі» деп атап көрсетеді [10, 58-б.].

Зерттеуші М.К. Хабдулина мен А.К. Султанованың мақаласында Ресей империясының XVIII–XIX ғасырларында Қазақстан аумағындағы түркі текті тас мүсіндер (балбалдар және басқа археологиялық тастар) туралы зерттеу, жинау, музейлеу іс-әрекеттеріне арналған. Авторлар тарихи дереккөздер мен архив материалдарына сүйене отырып, осы кезеңде ресейлік зерттеушілердің Қазақстан даласындағы тас мүсіндерді музейлік қорларға енгізудегі, сипаттау-дағы және ғылыми айналымға шығарудағы ролін қарастырады [1, 1085].

Тас мүсіндердің сыртқы пішіні мен бейнелену мазмұны түркі қоғамының әлеуметтік иерархиясын және рухани дүниетанымын айқын көрсетеді. Онда көбінесе батырлар, билеуші-лер мен абыздар бейнеленген. Уақыт жағынан бұл мүсіндер V–VII ғасырларға, яғни Түрік, Түргеш, Қарлұқ және Қыпшақ мемлекеттері дәуіріне сәйкес келеді. Осылайша, тас мүсіндер – түркі халықтарының мемлекеттілік, әскери және рухани идеологиясын бейнелейтін аса құнды археологиялық және мәдени-символдық мұра болып табылады.

Ғылыми мақаланың мақсаты – Түркі кезеңіндегі тас мүсіндердің әскери-идеологиялық мазмұнын, рәміздік бейнелер жүйесін және олардың түркі қоғамындағы батырлық культі мен мемлекеттілік идеясын қалыптастырудағы орнын ғылыми тұрғыдан анықтау. Осы мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер орындалады:

- Түркі дәуіріндегі тас мүсіндерді зерттеу тарихын және олардың археологиялық тұрғыдан сипаттамасын талдау;
- Тас мүсіндерде бейнеленген қару-жарақ, киім үлгісі мен рәміздердің идеологиялық мәнін анықтау;
- Батырлық культінің түркі қоғамындағы әлеуметтік және рухани қызметін зерделеу;
- Тас мүсіндердің басқа ежелгі өркениеттердегі әскери мүсіндермен салыстырмалы талдауын жүргізу арқылы мәдени және идеологиялық ықпалдарды айқындау;

– Түркі тас мүсіндерін әскери идеология мен мемлекеттіліктің көрінісі ретінде бағалап, олардың тарихи және мәдени маңызын негіздеу.

Талқылау. Ежелгі түркі мәдени кешенінің ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі – тас мүсіндер. Олар Еуразиялық ұлы даланың ортағасырлық түркі этностарының жерлеу-жадағат дәстүрімен және діни-идеологиялық нанымдарымен тығыз байланысты. Ежелгі түркі халықтарының монументалды өнер туындыларының басым бөлігі антропоморфтық (адам бейнелі) сипатқа ие болып келеді және олардың жасалу кезеңі шамамен VI–XIV ғасырлар аралығын қамтиды. Бұл мүсіндер Ұлы дала кеңістігінде және оған іргелес аймақтарда – шығыстағы Моңғолиядан бастап, Батыстағы Эльба өзеніне дейінгі аралықта орналасқан.

Ортағасырлық шеберлердің тас қашау өнерінің ең көрнекті үлгілері Моңғолия, Қазақстан, Қырғызстан, Алтай, Хакасия, Тыва, сондай-ақ Шығыс Түркістан мен Ішкі Моңғолия аумақтарында шоғырланған [11, 30-б.]. Қазіргі таңда Еуразия далалық аймақтарында үш мыңнан астам тас мүсін тіркелген деп болжанады.

Тас қашау өнерінің бастаулары мен тік орнатылатын нысандар дәстүрінің негізі палеометалл дәуіріне дейінгі терең көне кезеңдерге барып тіреледі.

Тас мүсін жасау және оларды орнату дәстүрінің ең жоғарғы өрлеу кезеңі діни-философиялық дүниетанымдармен, атап айтқанда, ата-баба аруағына табыну және жерлеу-естелік ғұрыптарымен байланысты түркі дәуіріне (б.з. VII–IX ғғ.) сәйкес келеді. Алайда бұл дәстүр кейінгі ғасырларда да жойылып кеткен жоқ, ол қыпшақ-половец және моңғол кезеңдеріндегі мүсін түрлерінде өз жалғасын тапты [12, 85-б.].

Ежелгі түркі тас мүсіндерін орнатуда белгілі бір ортақ қағидалар мен ережелер болған. Әдетте мұндай мүсіндер атақты, текті адамға арналып, жерлеу немесе еске алу рәсімі өткізілетін орындарға қойылған. Олар көбінесе культтік-мемориалдық кешендердің немесе қоршаулардың шығыс жағына орналастырылған. Мұндай нысандар, әдетте, белгілі бір қауым үшін қасиетті саналған, қорық деп аталатын жерлерде орнатылған. Осындай сакралды аумақтар Жетісу өңірінде және еліміздің шығыс бөлігінде кеңінен таралған.

Сонымен қатар әрбір тас мүсін өзіне тән даралық сипатымен ерекшеленеді. Бұл даралық бейнеленген тұлғаның бет әлпетіндегі ерекшеліктерінен бастап, оның тірі кезінде иеленген әлеуметтік дәрежесіне байланысты мүсіннің жалпы пластикалық шешімі мен атрибуттарынан да көрінеді. Мысалы, аяқас аяқпен отырған қалыптағы бейне, сәнді киім мен биліктің нышандарымен көрініс табуы – билеушіге арналған ескерткіш екенін білдіреді. Мұнда мінәжаттық сусын құятын шағын ыдысты екі саусақпен ұстау мәнері, қос қолмен үлкен құмыраны ұстау бейнелері, сондай-ақ арнайы реттелген әшекейлер мен қару-жарак жиынтығы сияқты белгілер айқын көрсетілген.

Ежелгі түркілер Көк Тәңірге сеніп, қасиетті Жер-Суды (Жер мен Суды) және қаһарман бабаларын қастерлеген. Тайпа көсемдері, аристократтар, қолбасшылар мен көк тектілер қайтыс болған соң, олардың мәңгілік бейнесін тас мүсін арқылы бейнелеу дәстүрге айналды. Бұл үрдіс ежелгі түркі қоғамының дүниетанымдық қағидаларымен және өмірлік бағдарларымен тығыз байланысты болды.

Мұндай ескерткіштік кешендерде ата-баба рухына тағзым ету рәсімдері, өлген адамның жанын Тәңірге аттандыру салттары және соған байланысты құрбандық шалу сияқты діни әрекеттер орындалған. Бұл жөнінде әртүрлі көлемдегі қорғандар – шағын және ірі оба ескерткіштері айғақ бола алады. Мысалы, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк және басқа да атақты тұлғаларға арналған кешендерден ондаған тас мүсіндер мен басқа да культтік нысандар табылған [3, 41-б.].

Классикалық ежелгі түркі мәдениетінің басты орталықтары – Моңғолияның орталық бөлігі, Алтай және Тыва аймақтарында орналасқан. Бұл жерлерде ірі көлемді және күрделі құрылымдағы естелік-ғұрыптық нысандар – хандық кешендер шоғырланған. Олар тек қана діни рәсімдер өткізілетін киелі орындар (қорықтар) ғана емес, сонымен қатар Көк Тәңір мен ата-баба рухтарына табыну арқылы түркі тайпалық бірлестіктерінің этносоц. бірігуін бейнелейтін нышандарға айналған.

Ерте орта ғасыр дәуірінде дәстүрлі жерлеу рәсімдерімен қатар, аса құрметті тұлғаларға қатысты сүйекті өртеу және кремацияланған қалдықтардың бір бөлігін арнайы заттармен бірге жерлеу дәстүрі де қолданылған. Бұл рәсімдер естелік-мемориалдық кешендерде (кенотаф-тарда) жүзеге асырылып, олардың маңына тас мүсіндер немесе қарапайым стелалар орнатылған. Мұндай ескерткіштердің қарапайым түрлері Қазақ Алтайында, Жетісу өңірінде және Қазақстанның өзге де аймақтарында кездеседі [13, 130-б.].

Бүгінгі күнге дейін зерттелген ежелгі түркі дәуірінің барлық естелік-культтік кешендері, соның ішінде қағандық және аксүйектік нысандар, адам жерлеу орындарын қамтымайды. Бұл олардың тек діни емес, сонымен қатар идеологиялық және символдық мәнге ие болғанын көрсетеді.

Ежелгі түркілердің әскери-саяси құрылымы мен мемлекеттік басқару жүйесі ежелгі тәңірлік дүниетаным негізінде қалыптасты. Оның өзегін «Тәңір – Адам – Жер» ұштағаны құрады. Бұл дүниетаным бойынша билеуші немесе қаһарман қайтыс болғанда (жанының ұшуы) әлемдік тепе-теңдік бұзылып, қоғамда бейберекетсіздік пен үйлесімсіздік орнайды деп есептелген. Сондықтан мұндай жағдайда ұлы естелік кешендердің салынуы, онда көптеген тас мүсіндердің орнатылуы және көпсатылы діни-ғұрыптық рәсімдердің (соның ішінде мәйітті жерлеу немесе өртеу, жаңа қаған сайлау) өткізілуі әлемдік тәртіпті қалпына келтіруге бағытталған болатын. Осы себепті бұл нысандар ежелгі түркі мемлекетінде ерекше әлеуметтік және саяси мәнге ие болды.

Орталық Азиядағы ежелгі түркі халықтарының тас мүсін өнерін зерттеу барысында ғалым-дар оның аймақтық, хронологиялық және этномәдени белгілеріне сүйене отырып, бірнеше жіктеу үлгілерін ұсынған. Тас мүсіндерді жасау қағидалары қарапайым болғанымен, мазмұндық тұрғыдан терең мәнге ие: бейнеленген тұлғаның әлеуметтік дәрежесіне сай дене қалпы беріледі, бет әлпеті, киімі, қаруы және өзге де заттық белгілері нақышталып көрсетіледі. Мұндай мүсіндерде бас киім, шаш өрімі, шапан, аяқ киім, белдік, әшекей бұйымдар, қару-жарақ, құты мен тостаған сияқты заттар бейнеленеді. Кейбірінде асатаяқ, құс немесе тұрмыстық ыдыстар сынды символдық элементтер де кездеседі.

Ерекше назар аудартатын нысандардың бірі – Жетісу өңіріндегі Қоғалы ескерткішіндегі сияқты батырлық және баяндау сипатындағы көріністермен толықтырылған сирек кездесетін тас мүсіндер. Мұндай мүсіндерді жасау үшін жергілікті табиғи материалдар – мәрмәр, гранит, құмтас, тақтатас, базальт, диорит және басқа да тастар пайдаланылған. Тас мүсіндердің көркемдік деңгейі мен нақышталуы көбіне шебердің кәсіби біліктілігіне байланысты болған.

Қазақ даласында бейнелік және этномәдени тұрғыдан ұқсас, сондай-ақ көршілес аймақтардағы ескерткіштермен хронологиялық жағынан сәйкес келетін жүздеген тас мүсіндер анықталған. Зерттеушілер олардың бір бөлігін екі кезеңге бөледі: ежелгі түркі бейнелі (VI/VII – VIII/IX ғғ.) және қыпшақ бейнелі (IX ғ. ортасы – XIII ғ. басы) [3, 68-б.].

Ә.Х. Марғұланның зерттеу деректеріне сүйенсек, Қазақстан аумағынан табылған тас мүсіндердің бейнелеу ерекшеліктері мазмұны мен композициялық құрылымына қарай екі негізгі типке бөлінеді. Ғалым бұл топтаманы мүсіндердің семантикалық және хронологиялық сипаттарына талдау жасау арқылы айқындаған.

Бірінші топқа – оң қолында ыдыс, ал сол қолында суық қару (кейде қарусыз) ұстаған жауынгер ер адамдардың бейнесі жатады. Мұндай мүсіндер негізінен ерлік пен батырлық культін, сонымен қатар түркі қоғамындағы әскери-әлеуметтік иерархияны бейнелейді. Марғұлан бұл типтегі мүсіндерді VI–VIII ғасырлармен мерзімдейді.

Екінші топқа – екі қолымен ыдыс ұстаған ерлер мен әйелдердің бейнелері кіреді. Бұл типтегі мүсіндерде ритуалдық және символикалық мән басым болып, олар көбінесе діни-ғұрыптық немесе еске алу дәстүрлерімен байланыстырылады. Ә.Х. Марғұланның пікірінше, аталған топқа жататын мүсіндер VII–XIII ғасырлар аралығында өмір сүрген тарихи кезеңге тән [10, 9-б.]. Осылайша, ғалымның классификациясы түркі және кейінгі қыпшақ дәуірлеріне тән тас мүсіндердің бейнелеу эволюциясын, сондай-ақ олардың қоғамдағы әлеуметтік және идеологиялық функцияларын айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақстан аумағында ең жақсы зерттелген екі ірі кешен – Жайсан және Мерке ескерткіштері болып табылады. Бұл ескерткіштер Батыс Түрік қағанаты дәуірінде [8] қызмет еткен деп есептеледі. Этникалық тұрғыдан олар әртүрлі түркі тайпаларымен – он оқ-түргештермен, қарлұқтармен немесе оғыздармен байланыстырылып келеді.

Қағандық және ақсүйектік сипаттағы мұндай ескерткіштік кешендер Қазақстанда әзірге көп табыла қойған жоқ. Алайда елдің шығысындағы Тарбағатай тауларында, Елеке сазы аңғарында Орхон өңіріндегі қағандық қорықтармен ұқсас құрылымдық элементтері бар ескерткіш анықталған. Осы аумақта табылған қағандық сипаттағы тас мүсін қазіргі кезде Шығыс Қазақстан облысының Ақсуат кентіндегі өлкетану музейінде сақтаулы.

Қазақ даласында антропоморфтық тас мүсіндері бар естелік кешендер тұрғызу дәстүрінің әлсіреуі аймақтың этномәдени жағдайындағы және діни-идеологиялық бағдарындағы өзгерістермен байланысты.

Батырларға, көсемдерге және ерлік істерімен танылған тұлғаларға арналған естелік ескерткіштерде көбіне дара тас мүсін орнатылған. Кейбір жағдайларда бірнеше қоршау қатар орналасқан кезде, олардың санына сай тас мүсіндер тізбектеле қойылған. Сонымен қатар, бет бейне немесе тамға түріндегі белгілер бейнеленген тік тұрғызылған тастарды орнату дәстүрі де болған.

Бұл дәстүр кейінгі тарихи кезеңдерде де жалғасын тапты. Әсіресе қыпшақ (қуман) дәуіріндегі тас мүсіндер айрықша мәнге ие. Олар Шығыс Еуропа аймақтарында кеңінен таралып, ерлер мен әйелдердің киімі, қаруы және тұрмыстық заттары аса ұқыптылықпен және жоғары көркемдік шеберлікпен бейнеленген. Кейін бұл дәстүр қазақтар мен басқа түркі халықтарының мәдениетінде ислам қағидаттарымен үйлесім тауып, құлпытастар орнату түрінде жалғасын тапты.

Тас мүсіндердегі адам тұлғасының бейнеленуінде кездейсоқтық жоқ әрбір қимыл, киім бөлшегі, қару-жарақ пен әшекейдің орналасуы түркі жауынгерінің әлеуметтік мәртебесін, ерлік рухын және жауынгерлік идеалын танытады. Мұндай бейнелер әскери ерлікті ұлықтау мен батырлар рухын мәңгі есте қалдыру мақсатында жасалған идеологиялық құрал ретінде қызмет еткен. Тасқа қашалған батырдың бейнесі арқылы билік пен ерліктің, рух пен бірліктің біртұтас идеологиялық концепциясы қалыптасқан.

Солтүстік Қазақстан аумағындағы ортағасырлық кезеңге жататын тас мүсіндер қазіргі таңда сирек кездесетін археологиялық олжалар қатарына жатады. Монументалды мүсін дәстүрін зерттеу ісіне 2018 жылы ғылымға бұрын белгісіз жаңа тас мүсіннің табылуы зор үлес қосты. Ортағасыр дәуіріндегі бұл өңірдегі археологиялық мұралар негізінен аз санды жерлеу және діни-еске алу ескерткіштерімен ұсынылған. Осы ескерткіштерге жүргізілген зерттеулер негізінде екі хронологиялық кезең айқындалған: VIII-XII ғғ. және XIII-XIV ғғ. [14, 58-б.].

Бүгінде Солтүстік Қазақстан аумағында бірнеше музей қорларында сақтаулы 14 тас мүсін белгілі [15, 229-б.]. 2018 жылы олардың қатары жаңа бір ескерткішпен толықты. Бұл тас мүсін Қостанай облысы, Денисов ауданы, Покровка ауылы маңындағы Жарық деген жерде табылып, Денисов тарихи-өлкетану музейі қорына тапсырылған.

Тас мүсінді жергілікті фермер Сергей Стяжкин мал жайылымынан тауып алған. Оның айтуынша, кеңес дәуірінде бұл аймақ егін шаруашылығында белсенді пайдаланылған. Осы жөнінде «Қостанайские новости» облыстық газетінің тілшілері хабар бергеннен кейін, 2019–2020 жылдардағы далалық маусымда Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізген [16, 104-б.]. Тас мүсін табылған жер биіктігімен ерекшеленетін үстірт аймақ болып табылады, алайда онда ешқандай құрылыс іздері анықталмаған.

Мүсіннің сипаттамасы. Тас мүсін толық адам тұлғасын бейнелейтін композиция түрінде жасалған. Ер адамның бейнесі оң қолында ыдыс ұстап, сол қолын қару сабына қойып тұрған қалыпта көрсетілген. Материалы қою қоңыр түсті құмтас. Мүсіннің бас бөлігі сынған, мойын тұсы алдыңғы және бүйір жағынан сатылы түрде бейнеленген. Өлшемдері: биіктігі – 95 см, ені – 66 см, мойын ені – 32 см, мойын қалыңдығы – 16 см, негіз ені – 50 см, бел тұсы – 46 см.

Мүсін толық пластика техникасында, жеке бөлшектерін бедерлі (барельеф) тәсілмен көрсету арқылы орындалған.

Мүсінде еңкіш иықты, бұлшық еттері айқын, белі жіңішке ер адамның бейнесі сомдалған. Қолдары иықтан шынтаққа дейін жуан, бұлшық еттері шығыңқы, төмен қарай жіңішкеріп түскен. Қол киімдерінің жең сызықтары ойық түрінде берілген, сол қолдың жеңі алақан деңгейінен жоғарырақ бедерленген.

Мойнында ені 1,5 см доға тәрізді әшекей бейнеленген, оның үстінде 3×3 см ромб пішінді бедер бар. Одан екі жаққа қарай ені 1 см-ге дейін жететін доға сызықтар кетеді, бұл, шамасы, бет бейнесінің шекарасын көрсетеді. Ромб тәрізді бедер, болжам бойынша, мойын әшекейін білдіреді.

Киімнің жағасы үшбұрышты қайырмаалар түрінде төмен қарай жалғасып, белге дейін түсетін кең белдік жолақтармен біріктірілген. Белдік сызығының ортасында ені 0,4 см қыр бедері киімнің түйіскен жерін көрсетеді.

Оң қолында диаметрі 10,5 см кішкене тостаған бейнеленген, ол оны алақанында ұстап тұр. Саусақтардың тек бас бармағы ғана айқын көрсетілген. Сол қол қару сабына (сабля болуы мүмкін) қойылған. Қару белдікке көлденең бекітілген, сабы белден сәл жоғары орналасқан. Қылыштың ұшы сынған, тұтқасы төртбұрышты әрі қалың. Ножналар бейнеленген бөлігі зақымданғандықтан, қарудың нақты түрін анықтау қиын. Тұтқаның көлемі мен пішініне қарап, оны қылыш деп болжауға болады. Сол қолдың барлық саусақтары айқын, аты жоқ саусақ сәл сыртқа қарай бүгілген.

Белбеу ені 4 см, егжей-тегжейлі бөлшектері көрсетілмеген. Белдің оң жағында жарты ай пішінді қалта не кресало бейнеленген, сол жағында 3–3,5 × 8 см көлемдегі тікбұрышты зат ілінген, бұл, мүмкін, қаптарғақ (құрал немесе қалта) болуы ықтимал.

Мүсіннің арқасы ауыл шаруашылығы техникасының әсерінен қатты зақымданған. Арқа тұсында алты өрім шаш бейнеленген болуы мүмкін, олар жіңішке сызықтармен бөлінген ұзынша бедер түрінде байқалады. Арқа мен бел тұсында екі үлкен сынған жер бар, бұл шаш өрімін нақты анықтауға мүмкіндік бермейді.

Мүсіннің түбі арт жағынан қиғаш кесілген. Бедер биіктігі 5–6 мм-ден 1,5 см-ге дейін өзгереді. Ең биік бедер қолдар мен тостаған бөлігінде, ал киімнің жағасы, белдігі және қылыш тұсы төмен бедермен көрсетілген.

Ақтөбе облысы аумағынан табылған аз ғана тас мүсіндердің бірі де өз назарын аудартады. Бұл ескерткіш те дене пропорцияларының ұқсас бейнесімен – қуатты кеуде мен жіңішке белдің айқын берілуімен ерекшеленеді. Аталған мүсін Қазақстан Республикасының Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданындағы Талдық өзенінің жағасынан табылған. Мүсінде екі қолымен ыдыс ұстаған адам бейнеленген [17, 3-б.]. Зерттеуші А.А. Бисембаев сол жақ қолдың астындағы кеңейтілген бөлікті ескере отырып, мүсін иесінің отырған қалыпта бейнеленген болуы мүмкін деген болжам жасаған [17, 141-б.].

Ерекше назар аудартатыны – иектің астында орналасқан, ортасында ромб түріндегі тасы бар бедерлі жолақ түріндегі әшекей. Мұндай әшекейлер зерттеушілердің пікірінше, гривна деп аталатын алқалардың бейнесін білдіреді және олар түркі, қыпшақ және половец мүсіндерінің беттерінде де кездеседі. Орта ғасыр кезеңінде де бұл әшекей иесінің жоғары әлеуметтік мәртебесін білдіретін белгі ретінде сақталған.

Көз жүгіртсек, дәл осындай тамшы пішінді тасы бар гривналар Самарқандтағы Афрасиаб қалашығында табылған бірнеше беделді түркілердің мойнында бейнеленген. Мерке ғибадатханасында бір немесе екі гривна әйел бейнесіндегі кейбір мүсіндердің мойнында орналасқан [18, 53-б.].

Мүсіндердің қандай мақсатта орнатылғаны туралы мәселе бүгінде жан-жақты зерттелген тақырыптардың бірі. Егер бұл мәселенің зерттелу тарихы ұлы ғалым, Шыңғыс ұрпағы Ш.Уәлихановтың «бұл балбалдардың нені білдіретіні және кімдер орнатқаны әлі анықталмаған» деген пікірінен басталса, қазіргі кезде оған арналған еңбектер көлемі айтарлықтай артқан. Л.Р. Қызласовтың пікірінше, мұндай мүсіндер жерленген адамның орнын оның ас беру рәсімдерінде символикалық тұрғыдан алмастыру мақсатында қойылған [2, 207-б.]. Кейбір зерттеушілердің ойынша, бұл мүсіндер адамдар мен құдайлар арасындағы делдалдарды

бейнелеп, олардың ерекше ерлік істері арқылы ата-баба рухтарына тілек жеткізушілер ретінде қабылданған.

Мүсіндердің «құрбандық-тойлану қалпында» бейнеленуінің символикасын Л.Н. Ермоленко өз еңбегінде егжей-тегжейлі қарастырған [3, 61-6.]. Ол бойынша, «марқұм өлгеннен кейінгі рәсімде құрбандық шарасына қатысушы ретінде бейнеленген». Қазақ топонимиясы деректері де еске алу, ас беру дәстүрімен байланысты наным-сенімдердің кең таралғанын дәлелдейді, мұнда марқұмның тұлғасы мен оның қоғамдағы рөлі ерекше орын алған.

Нәтижесі. Зерттеу нәтижесінде түркі дәуіріндегі тас мүсіндердің әскери-идеологиялық мазмұны мен олардың қоғамдағы символдық қызметі кешенді түрде айқындалды. Талдау барысында анықталғандай, тас мүсіндер тек бейнелеу өнерінің үлгісі емес, сонымен қатар ежелгі түркілердің саяси билік құрылымы мен әскери идеологиясын бейнелейтін күрделі рәміздік жүйенің маңызды элементі болып табылады.

Біріншіден, археологиялық және этнографиялық деректерді салыстырмалы талдау нәтиже-сінде VI-VIII ғасырлар аралығында Орхон, Енисей және Талас өңірлерінде кең тараған тас мүсіндер билік иелері мен батырларға арналған мемориалдық кешендердің ажырамас бөлігі болғаны анықталды. Бұл мүсіндер арқылы түркі қоғамында батырлық идеалының, ерлік пен отансүйгіштіктің рухани бейнесі қалыптасып, ұрпаққа өнеге ретінде беріліп отырған.

Екіншіден, мүсіндерде бейнеленген қару-жарақ, белбеу, тостаған, алқа сияқты заттар тек тұрмыстық немесе сәндік элемент емес, қоғамның әлеуметтік иерархиясын және билік легитимділігін айқындайтын символдар ретінде қызмет еткені дәлелденді. Зерттеу нәтижелері бойынша, қару-жарақтың бейнеленуі батырдың мемлекетті қорғаушы ретіндегі миссиясын, ал тостаған мен алқа элементтері рухани тазалық пен мәртебенің белгісі болғанын көрсетеді.

Үшіншіден, ғылыми еңбектерге сүйене отырып, тас мүсіндердің мерзімделуі мен бейнелеу тәсілдеріндегі айырмашылықтар олардың аймақтық және хронологиялық ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік берді. Мәселен, қылыш, палаш, сабля сияқты қарулардың бейнеленуі VII–X ғасырлар аралығындағы әскери мәдениеттің дамуын сипаттайды.

Төртіншіден, Т. Хаяши және отандық зерттеушілер келтірген деректерге сүйене отырып, тас мүсіндердің Еуразия кеңістігіндегі таралу аймағының кеңдігі анықталды. Бұл құбылыс түркі өркениетінің мәдени ықпалының кең ауқымын және ортақ әскери-рухани идеологияның қалыптасқанын дәлелдейді.

Бесіншіден, зерттеу барысында археологиялық тұрғыдан нақты қарулардың сирек табылуы, бірақ олардың бейнелерінің мүсіндерде жиі кездесуі ерекше назар аударылды. Бұл жағдай мүсіндердің реалистік бейнелеуден гөрі идеологиялық және ритуалдық мәнге ие болғанын көрсетеді.

Қорытындылай келе, жүргізілген зерттеу нәтижелері түркі тас мүсіндерінің әскери-идеологиялық мазмұны мен рәміздік жүйесі түркі мемлекеттілігінің рухани іргетасын айқындайтынын дәлелдеді. Тас мүсіндер арқылы ежелгі түркілер батырлық культін, ерлік дәстүрін және мемлекет тұрақтылығының идеясын ұрпақ санасына сіңіріп отырған. Осылайша, тас мүсіндер түркі өркениетінің мәдени коды мен тарихи жадының айшықты көрінісі ретінде бағаланады.

Қорытынды. Түркі кезеңіндегі тас мүсіндер – ежелгі түркі өркениетінің рухани және саяси дүниетанымын айқындайтын аса құнды мәдени мұра. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұл мүсіндер тек бейнелеу өнерінің үлгісі ғана емес, сонымен қатар әскери-идеологиялық жүйенің көрінісі болып табылады. Әрбір тас мүсін белгілі бір тұлғаның әлеуметтік мәртебесін, ерлік жолын және қоғамдағы беделін сипаттай отырып, түркі қоғамының әскери-иерархиялық құрылымын бейнелейді. Мүсіндердің бет әлпеті, киім үлгісі мен қару-жарақ детальдары арқылы түркілердің батырлық идеалы, жауынгерлік рух пен ел қорғау ұғымдары көрініс табады.

Зерттеу барысында анықталғандай, тас мүсіндер мемориалдық мәнге ие ғана емес, сондай-ақ саяси идеологияны нығайтудың және биліктің легитимділігін дәлелдеудің

символдық құралы болған. Мүсіндердің кеңістіктегі орналасуы мен композициялық құрылымы арқылы билеуші мен батырлардың рухани беделі дәріптеліп, қоғам мүшелерін ерлікке, отансүйгіш-тікке шақыратын мәдени код қалыптасқан. Бұл көркемдік шешімдер түркі шеберлерінің тек техникалық шеберлігін емес, сонымен қатар олардың философиялық ойлау жүйесін, дүниені тұтас әскери және рухани кеңістік ретінде қабылдауын айқын көрсетеді. Сондықтан түркі кезеңіндегі тас мүсіндерді зерттеу тек археологиялық немесе өнертанушылық тұрғыда ғана емес, идеологиялық және тарихи-философиялық тұрғыдан да аса маңызды. Бұл ескерткіштер түркі халықтарының ұлттық бірегейлігін, мемлекеттілік дәстүрлерін және әскери рухтың мәңгілік идеясын танытатын құнды тарихи дереккөз ретінде бағалануы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хабдулина М.К., Султанова А.К. Роль российских исследователей XVIII-XIX вв. в музеефикации тюркских каменных изваяний на территории Казахстана // *Bylye Gody*. – 2025. – №20(3). – С. 1085-1094.
2. Кызласов Л.Р. О назначении древнетюркских каменных изваяний, изображающих людей // *Советская Археология*. – 1964. – №2. – С. 27-39.
3. Ермоленко Л.Н. Средневековые каменные изваяния казахстанских степей. – Новосибирск: Изд-во Института археологии и этнографии СО РАН, 2004. – 133 с.
4. Маргулан А.Х. Каменные изваяния Улытау // *Сочинения*. В.14. Т.3-4. – Алматы, 2003. – 9-46.
5. Евтюхова Л.А. Каменные изваяния Южной Сибири и Монголии // *МИА № 24. Материалы и исследования по археологии Сибири*. Т. 1. – М.: 1952. – С. 72-120.
6. Худяков Ю.С. Вооружение кочевников Южной Сибири и Центральной Азии в эпоху развитого Средневековья. – Новосибирск: Изд-во ИАЭТ СО РАН, 1997. – 159 с.
7. Овчинникова Б.Б. Тюркские древности Саяно-Алтая в VI-X веках. – Свердловск: УрГУ, 1990. – 223 с.
8. Досымбаева А., Нускабай А. Тюркский археолого-этнографический комплекс Кумай. – Астана, 2012. – 146 с.
9. Касенова А.Д. История изучения древних и средневековых каменных изваяний Сарыарки. – Кемерово, 2019. – 187 с.
10. Марғұлан Ә.Х. Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер // *Ежелі мәдениет қуалары*. – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1966. – Б. 8-52.
11. Самашев З., Базылхан Н., Баяр Д. Древнетюркские каменные изваяния Евразийских степей // *Культурное наследие*. – Астана, 2009. – №1 (22). – С. 30-39
12. Плетнева С.А. Половецкие каменные изваяния // *Свод археологических источников*. – М.: Наука, 1974. – Вып. Е 4-2. – 200 с.
13. Чариков А.А. Каменные скульптуры средневековых кочевников Прииртышья // *Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана*. – Алма-Ата, 1980. – С. 130-140
14. Хасенова Б.М. Средневековый Тургай: погребальные сооружения, жертвенно-поминальные комплексы, предметный мир // *Культура населения Тургай и сопредельных регионов: человек и эпоха*. Алматы: ИА КН МОН РК, 2017. – С. 51-97
15. Боталов С.Г. Каменные изваяния и жертвенно-поминальные комплексы Урало-Ишимского междуречья // *Новое в археологии Южного Урала*. Челябинск: Рифей, 1996. – С. 210-244.
16. Базарбаева Г., Джумабекова Г., Сеитов А., Жамбулатов К. К археологии Притоболья: анализ случайных находок наконечников стрел (VI-IV вв. до н.э.) из окрестностей г. Житикара (Северный Казахстан) // *Археология Казахстана*. – 2023. – №2(20). – С. 103-116.
17. Бисембаев А.А. Кочевники средневековья Западного Казахстана. – Актөбе: ИП Жанадилов С.Т., 2010. – 248 с.
18. Досымбаева А.М. Мерке – сакральная земля тюрков Жетысу. – Тараз: Изд-во «Сенім», 2002. – 108 с.

References:

1. Habdulina M.K., Sultanova A.K. Rol rossiiskih issledovatelei XVIII-HIH vv. v muzeefikacii tyurkskih kamennyh izvayanii na territorii Kazakhstana [The role of Russian researchers of the XVIII-XIX centuries in the museification of Turkic stone sculptures in Kazakhstan] // *Bylye Gody [Bylye Gody]*, 2025, S. 1085-1094. [in Russian]
2. Kyzlasov L.R. O naznachenii drevnetyurkskih kamennyh izvayani, izobrazhayushchih lyudei [About the purpose of ancient Turkic stone sculptures depicting people], *Sovetskaya Arheologiya [Soviet Archeology]*, 1964. S. 27-39. [in Russian]
3. Ermolenko L.N. Srednevekoveye kamennye izvayaniya kazahstanskih stepei [Medieval stone sculptures of the Kazakh steppes], Novosibirsk: Izd-vo Instituta arheologii i etnografii SO RAN, 2004. 133 s. [in Russian]
4. Margulan A.H. Kamennye izvayaniya Ulytau [Stone sculptures of Ulytau] *Sochineniya [Writings]*. Almaty, 2003. S. 9-46. [in Russian]
5. Evtyuhova L.A. Kamennye izvayaniya Yuzhnoi Sibiri i Mongolii [Stone sculptures of Southern Siberia and Mongolia] *Materialy i issledovaniya po arheologii Sibiri [Materials and research on the archeology of Siberia]*, M., 1952. S. 72-120. [in Russian]
6. Hudyakov YU.S. Vooruzhenie kochevnikov Yuzhnoi Sibiri i Central'noi Azii v epohu razvitogo Srednevekov'ya [The armament of the nomads of Southern Siberia and Central Asia in the era of the advanced Middle Ages], Novosibirsk, 1997. 159 s. [in Russian]
7. Ovchinnikova B.B. Tyurkskie drevnosti Sayano-Altaya v VI-X vekah [Turkic antiquities of Sayano-Altai in the 6th-10th centuries]. Sverdlovsk, 1990. 223 s. [in Russian]
8. Dosymbaeva A., Nuskabai A. Tyurkski arheologo-etnograficheski kompleks Kumai [The Turkic archaeological and ethnographic complex of Kumai], Astana, 2012. 146 s.
9. Kasenova A.D. Istoriya izucheniya drevnih i srednevekovykh kamennyh izvayani Saryarki [The history of the study of ancient and medieval stone sculptures of Saryarka]. Kemerovo, 2019. 187 s. [in Russian]
10. Margylan A.H. Ulytau tonipegindegi tas mycinder [Stone sculptures around Ulytau], *Ezhelgi madeniet kualary [witnesses of Culture]*. Almaty, 1966. B. 8-52. [in Kazakh]
11. Samashev Z., Bazylhan N., Bayar D. Drevnetyurkskie kamennye izvayaniya Evrazijskih stepei [Ancient Turkic stone sculptures of the Eurasian steppes], *Kul'turnoe nasledie [Cultural Heritage]*. Astana, 2009. S. 30-39 [in Russian]
12. Pletneva S.A. Poloveckie kamennye izvayaniya [Polovtsian stone sculptures], *Svod arheologicheskikh istochnikov [A set of archaeological sources]*. M., 1974, 200 s [in Russian]
13. Charikov A.A. Kamennye skulptury srednevekovykh kochevnikov Priirtyshiya [Stone sculptures of medieval nomads of the Irtysh region] *Arheologicheskie issledovaniya drevnego i srednevekovogo Kazakhstana [Archaeological research of ancient and medieval Kazakhstan]*. Alma-Ata, 1980. S. 130-140 [in Russian]
14. Hasenova B.M. Srednevekovey Turgai: pogrebal'nye sooruzheniya, zhertvenno-pominal'nye komplekсы, predmetnyi mir [Medieval Turgai: funerary structures, sacrificial and memorial complexes, the objective world], *Kul'tura naseleniya Turgaya i sopredel'nykh regionov: chelovek i epoha [Culture of the population of Turgai and adjacent regions: man and epoch]*, Almaty, 2017. S. 51-97 [in Russian]
15. Botalov S.G. Kamennye izvayaniya i zhertvenno-pominal'nye komplekсы Uralo-Ishimskogo mezhdurech'ya [Stone sculptures and sacrificial memorial complexes of the Ural-Ishim interfluve], *Novoe v arheologii Yuzhnogo Urala [New in the archaeology of the Southern Urals.]*. Chelyabinsk, 1996. S. 210-244 [in Russian]
16. Bazarbaeva G., Dzhumabekova G., Seitov A., Zhambulov K.K. arheologii Pritobol'ya: analiz sluchainykh nahodok nakonechnikov strel (VI-IV vv. do n.e.) iz okrestnostei g. Zhitikara (Severnyi Kazahstan) [To the archeology of the Volga region: analysis of accidental finds of arrowheads (VI-IV centuries BC) from the vicinity of the city of Zhitikar (Northern Kazakhstan)], *Arheologiya Kazakhstana [Archeology of Kazakhstan]*. 2023. №2(20). S. 103-116 [in Russian]
17. Bisembaev A.A. Kochevniki srednevekov'ya Zapadnogo Kazakhstana [The nomads of the Middle Ages of Western Kazakhstan]. Aktobe, 2010. 248 s [in Russian]

18. *Dosymbaeva A.M. Merke – sakral'naya zemlya tyurkov Zhetysu [Merke – the sacred land of the Zhetysu Turks]. Taraz, 2002. 108 s [in Russian]*